

## Железин ауданы Озерный селолық округі Озерный селосының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Озерный селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 13 маусымдағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 шілдеде № 5564 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Озерный селолық округі Озерный селосы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Озерный селолық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железин ауданы Озерный селолық округі Озерный селосының келесі көшелері:  
"Киров" көшесі "Дінмұхамед Қонаев" көшесі болып;  
"Карл Маркс" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Озерный селолық  
округі әкімінің міндетін атқарушы*

*М.Кусайдарова*